

А.Қ. ҚОЖАХМЕТОВА<sup>1</sup>, Ж.А. МАНКЕЕВА<sup>2</sup>

<sup>1</sup>А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының PhD докторанты  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: akony\_8484@mail.ru

<sup>2</sup>филология ғылымдарының докторы, профессор  
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: Mankeeva1950@mail.ru

## ӨЛЕҢСӨЗДІҢ ДИСКУРСТЫҚ СИНЕРГИЯСЫ

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі тіл біліміндегі зерттеудің жаңа аспектісі синергетикалық парадигма мәселесі сөз болады.

Қазіргі қазақ тіл білімінде мәтінді синергетикалық үдеріс ретінде қарастыра отырып, мәтіннің синергетикалық сипатын анықтау бүгінгі күнде өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Осымен байланысты ғылымның қазіргі кезеңінде пәнаралық тәсілді қолдану арқылы ғылыми зерттеулер жүргізу де пәнаралық үрдістер «жүйелілік, кешенділікті» зерттеуде тиімді болып отырғандықтан, қазіргі заманауи тіл білімінде жаңа синергетикалық тәсіл *тіл ~ дискурс* контексінде лингвистикалық зерттеуде тиімділігі айқындалып отыр. Тілді таным құралы, қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметі негізінде дамытатын жеке адам, тілдік тұлға екені белгілі. Соның ішінде жеке шығармашылық тілдік тұлға тілдік қолданысқа көркемдеуіш құралдарды қолдана отырып, сөздерді басқа мағынада жұмсауы, жаңа өң беріп, құбылтуы сөз әлеуетін аша түспек. Тіл арқылы қалыптасқан тілдік таңбалар – материалдық және рухани мәдениетті сипаттайтын танымдық-ақпараттың өзегі болып табылады. Өйткені тілдік бірліктер ұлттың дүниетанымы мен болмысы, рухани мәдениеті, сондай-ақ сол халықтың өмір сүрген ортасынан, тіршілігінен, менталитетінен, психологиясы және әлеуметтік көзқарасынан мәлімет беретін ұлттық құбылыс. Осылайша поэзия тілін антропоөзектік бағытта талдаған жұмыстар көркемсөздің функционалды-динамикалық мазмұнындағы рухтандырушы құрал (сөз) ретінде тілдік тұлға болмысына сай құрылымдалатыны көрсетіледі.

Бұл мақалада Е. Муратованың мәтіннің синергетикалық коэффициентін анықтау үшін ұсынған формуласы арқылы ( $СК = A/N$ ) ақын М. Мақатаевтың өлеңсөздерінің синергетикалық күштілігі анықталады. М. Мақатаев өлеңдерінің поэтикалық күші мен тілдік ерекшеліктеріне, ондағы дүниетанымдық лексиканың қолданысына тоқталу мен көркемдік ерекшеліктерін нақты мысалдар арқылы қарастыра отырып, ақын өлеңдерінің маңыздылығы, оның синергетикалық сипатының күштілігі айқындалады.

**Кілт сөздер:** тілдік тұлға, дискурс, метафора, синергия, синергетикалық мәтін.

---

### \*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Қожахметова А.Қ., Манкеева Ж.А. Өлеңсөздің дискурстық синергиясы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №1 (127). – Б. 156–166. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.13>

### \*Cite us correctly:

Qojahmetova A.Q., Mankeeva J.A. Olensozdin diskurstyq sinergiiasy [Discursive Synergy of Verse Speech] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №1 (127). – B. 156–166. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.13>

**А.К. Kozhahmetova<sup>1</sup>, Zh.A. Mankeeva<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*PhD Doctoral Student of the Institute of Linguistics named after Akhmet Baitursynuly  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: akony\_8484@mail.ru*

<sup>2</sup>*Doctor of Philological Sciences, Professor  
Chief Researcher of the Institute of Linguistics named after Akhmet Baitursynuly  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: Mankeeva1950@mail.ru*

### **Discursive Synergy of Verse Speech**

**Abstract.** The article deals with a new aspect of research in modern linguistics – the problem of the synergetic paradigm.

In contemporary Kazakh linguistics, defining the synergetic nature of the text, when considering the text as a synergetic process, is currently one of the topical issues. In this regard, how interdisciplinary processes in scientific research with an interdisciplinary approach prove to be effective in the study of «systemicity, complexity» at the present stage of scientific development, modern linguistics reveals the effectiveness of the new synergistic approach in linguistic research in the context of language ~ discourse. It is known that language as a means of cognition, relying on its communicative function, develops individuals, linguistic personalities. The individual creative linguistic personality also uses the means of artistic expression to unlock the rich potential of words, using them with a different meaning, transforming their tone and colouring. Linguistic symbols, which are formed by language, are the cognitive and informational core that characterises spiritual and material culture, an instrument of revival of the spirit. The units of language are a national phenomenon, reflecting the worldview, existence, spiritual culture of the people, providing information about their everyday life, environment, mentality, psychology and socio-political views. Thus, it is shown that the works analysing the language of poetry in the anthropocentric aspect are structured according to the nature of linguistic personality as the animating means (words) in the functional-dynamic content of artistic speech.

The article synergy of the poems of the poet M. Makataev is determined using the formula proposed by E. Muratova to determine the synergistic coefficient of the text ( $SK = A/N$ ). The article uses concrete examples to reveal the poetic power and linguistic features of M. Makatayev's works, his artistic features with an emphasis on the use of ideological vocabulary, the significance of the poet's poems and the synergetic nature of his work.

**Keywords:** linguistic personality, discourse, metaphor, synergy, synergetic text.

**А.К. Кожаметова<sup>1</sup>, Ж.А. Манкеева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*PhD докторант Института языкознания имени А. Байтурсынова  
(Казakhstan, г. Алматы), e-mail: akony\_8484@mail.ru*

<sup>2</sup>*доктор филологических наук, профессор  
главный научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтурсынова  
(Казakhstan, г. Алматы), e-mail: Mankeeva1950@mail.ru*

### **Дискурсивная синергия стихотворной речи**

**Аннотация.** В статье рассматривается новый аспект исследований в современной лингвистике – проблема синергетической парадигмы.

В настоящее время в современном казахском языкознании определение синергетического характера текста, при рассмотрении текста как синергетического процесса, является одной из актуальных проблем. В связи с этим, поскольку на современном этапе развития науки междисциплинарные процессы в проведении научных исследований с применением междисциплинарного подхода оказываются эффективными в изучении

«системности, комплексности», в современной лингвистике выявляется эффективность нового синергетического подхода в лингвистических исследованиях в контексте *язык ~ дискурс*. Известно, что язык как средство познания, на основе его коммуникативной функции развивают индивиды, языковые личности. В том числе индивидуальная творческая языковая личность, используя средства художественной выразительности, раскрывает богатый потенциал слов путем употребления их в ином значении, преобразования их оттенков и окраски. Языковые символы, которые формируются языком, являются познавательно-информационным стержнем, характеризующим духовную и материальную культуру, инструментом возрождения духа. Единицы языка – это национальное явление, отражающее мировоззрение, бытие, духовную культуру народа, предоставляющее сведения о его быте, среде обитания, менталитете, психологии и социально-политических взглядах. Таким образом, показано, что работы, анализирующие язык поэзии в антропоцентрическом аспекте, структурированы в соответствии с характером языковой личности как вдохновляющее средство (слово) в функционально-динамическом содержании художественной речи.

В данной статье сила синергичности стихотворений поэта М. Макатаева определяется с помощью формулы предложенной Е. Муратовой для определения синергетического коэффициента текста. В статье на конкретных примерах раскрывается поэтическая сила и языковые особенности произведений М. Макатаева, художественные особенности с акцентом на использовании мировоззренческой лексики, раскрывается значимость стихов поэта, сила синергетического характера его творчества.

**Ключевые слова:** языковая личность, дискурс, метафора, синергия, синергетический текст.

### Кіріспе

Адамзат болмысының ой-санасы мен жан дүниесін бейнелеуші сөз құдіретінің мәні бүгінгі заманауи тіл біліміндегі адамтанымдық білімдер аясының арқауына айналып отырғаны мәлім. Осыған орай халқымыздың табиғатпен астас өмір сүрген көшпенді мәдениеттің өкілдері ретіндегі ата-бабаларымыздың күнделікті өміріндегі сөз қызметінің тәрбиелік, қоғамдық-әлеуметтік, т.б. мәніне айрықша назар аударылады. Ата-бабаларымыздың рухани-мәдени құндылықтарымызбен тамырлас айшықты сөз кестесінде сөзді «өнер» деп таныған дүниетанымдық пайымдауларынан көре аламыз: *Өнер алды – қызыл тіл; сөз тапқанға қолқа жоқ; сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді; сөзі түйеден түскендей*, т.б.

Бұл – тіл иесінің дүниені тану барысындағы бағалауыштық-бағдарлы түсініктемесіне орай санасында құрылымдалған этномазмұнның тілдік бейнесі.

Сөздің қазақ этномәдениетіндегі қызметі туралы бұл тұжырымдардың негізінде ұлттық санадағы рухани-әлеуметтік стереотиптер мен когнитивтік жүйелер арқылы берілетін қуаттың сөз мәніне енуі жатыр. Себебі тіл арқылы этномәдениетті игеру үдерісі тіл иесінің рухын қалыптастырады, рухани және жаңа қуатпен толықтырады. Осымен байланысты тілдің қызметін жасампаздық қуат көзі ретінде зерттеу үрдісі В. фон Гумбольдтің «ішкі форма» тілдегі адам рухы қалыптасуы туралы лингвофилософиялық ілімінен басталады.

Соған сәйкес В. Фон Гумбольдтің «тіл – адам рухын бейнелеудің тәсілі, ал сөз қызметі – рух қызметін көрсетудің түрі» деген тұжырым айтады [1]. А.А. Потебняның тілді үнемі жаңғырып отыратын рухтың көрінісі ретінде қарастыратын лингвофилософиялық қағидасы заманауи лингвистиканың *тіл – адам (тіл иесі)* контексіндегі зерттеу үрдісінің антропоэзеттік парадигмасын дамытуда. Соның аясында тыңдаушыны, я мәтін оқушыны рухтандыратын сөздің мәнін өрнектеп, оны айшықты сипаттайтын сөздің ерекше кеңістігі, сөз әлеуетінің коммуникативтік жаңа, тың деңгейі, тілдік тұлғаның шығармашылық әлемі жан-жақты ашылатын нысан – көркем мәтін, өлең-сөз өрісі.

### Зерттеу әдістері және материал

Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағыт болып саналатын антропоэзектік саласы тілдің мүмкіндігі арқылы ұлттың болмысын, оның ерекшеліктерін тануға мүмкіндік береді. Осы бір жаңа бағыттың ең бір ұтымды тұсы – ұлттық болмысты, рухани мәдениетті ғылыми тұрғыда зерделей бастауы. Тіл арқылы дүниенің тілдік бейнесін тануда ақындардың тілдік тұлғасын зерттеудің маңызы зор. Қазақ тіл білімінде жазушының арнайы тілін талдаған Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, т.б., бертін келе Д. Әлкебаева, Б. Нұрдәулетова, Ш. Ниятова, Ф. Қожахметова, т.б. зерттеулер арқылы өзіндік бір сала ретінде дамып келеді.

Бұл мақалада поэтикалық мәтіндерге тілдік-мәдени, синергетикалық әдістер қолданылады.

Соның негізінде көркем мәтіндер арқылы автордың танымдық білім аясы мен ақиқат дүниені суреттеу, бейнелеу қабілетіне қарай ақынның баяндап отырған ортаның өмірін, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, танымдық ерекшелігін анықтауға болады. Осы тұрғыдан алсақ, әрбір көркем мәтін ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, оларға мирас болып қалатын рухани-мәдени қор. Сондықтан да ақын-жазушыларымыздың шығармаларының тілі ұлтымыздың сол уақыттағы тіршілігі мен өмірлік болмысынан, мәдениетінен шынайы ақпарат беретін танымдық мұрасы десек те болады.

Осымен байланысты көркем мәтін авторының ойын қалай өзі объективтендіріп, оның шығармашылық көзқарасына сай айнала қоршаған әлем туралы білім түсінігімен байланыстырып, қалай бейнеленгенін таныту маңызды. Тілдік тұлғаның өзін қоршаған дүниені тану үдерісі, оның көркем тілінде қалай көрінеді деген мәселе антрополингвистикалық өзекті мәселелерінің қатарында.

Бұл мәселе тұлғаның лингвокогнитивтік деңгейімен қатар автордың интенциясына, суреткерлік-көркемдік дигтемімен тығыз байланысты. Көркем мәтіннің прагматикасына ден қойып зерттеген ғалым Г. Әзімжанова: «Көркем әдебиет – тілді толықтырып, байытып, дамытып отыратын негізгі арналардың бірі. Көркем проза мәтінінің сапасы мен қасиеттерін одан әрі ұштап, жетілдіруде және оны мақсатты бағытталған арнада жүргізуде жазушы шеберлігінің сырын сараптап, талдап, түсіндірудің мәні зор. Көркем туындының құрылымы өте күрделі, ол көптеген компоненттерден тұрады. Көркем дүниені туғызудағы негізгі құрал тіл болғандықтан, ондағы образдар жүйесі мен оқиға тіл арқылы көрініс табады. Көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуетін зерттегенде прагматикалық мазмұны бар компоненттерді, ең кіші прагматикалық мағынасы бар бөлшектердің қызметін қарастырып, жалпы семантикалық-прагматикалық құрылымға кіруі анықталады» деп атап көрсетеді [2, 19-б.].

Бұл өз кезегінде кез келген ұлттың этностық болмысын тілі арқылы танып-білу үдерісімен тамырласқан тілді зерттеудің антропоэзектік қағидасымен байланысады. Осы ретте көркем мәтінде бейнеленіп отырған материалдық және рухани мәдениетті сипаттаушы лингвокультуремалардың жай ғана жиынтығы емес. Сондай-ақ көркем шығармаларда кестеленген халықтың болмысы, дүниетанымы, рухани мәдениеті, сол халықтың өмір сүрген ортасынан, тіршілігінен, психологиясы мен әлеуметтік көзқарасынан, менталитетінен мәлімет беріп, оқырманына тек танымдық ақпарат беріп қана қоймай, сол шығарма тіліне автор интенциясына сай рухтандыру қызметін де атқарады.

Осы тұрғыдан поэтикалық жанр – ерекше коммуникативтік құбылыс. Оның тілінің мазмұны, сыры заманауи лингвистикада когнитивтік, психолінгвистикалық жүйеде қарастырылуда. Сондықтан ғалымдар поэзияны зерттеу екі есе күрделі, себебі ол қозғалыста, динамикалық дамиды деп санайды. Демек, көркемдік мәтінде кез келген ұлт тілінің сырын шынайы тану үшін тілдің өзіндік заңдылықтарын білу жеткіліксіз, сондықтан автордың ішкі көркемдік әлемі этностың сан ғасырлар бойы жүріп өткен тарихы мен күнделікті өмірінде орныққан мәдениеті ой-танымымен тікелей байланысты.

### Талдау мен нәтижелер

Бүгінгі жаһандану үрдісіне бет бұрған заманда ұлтымыздың рухани құндылықтарын биіктеткен тұлғаларымыздың асыл мұрасына үңілу, оның танымдық, тағылымдық мәнін зерделеу заман тудырып отырған қажеттілік. Ата-бабаларымыздың мәдени-әдеби мұралары, оның ішінде көркем сөз өрнектері баға жетпес мирас.

Осы тұрғыдан жүргізілген зерттеу үдерісі объективті шындықтан алынған алуан түрлі ақпараттарды автор өзінің ішкі жан дүниесінде қайтадан өңдеп жасаған М. Мақатаевтың субъективті шындығына сай дискурсын анықтайды. Соның барысында тілдік тұлға ретінде ақынның өз таным-түсінігі мен білім деңгейі, қалыптасқан ортасы мен өмірлік тәжірибесіне орай «ғаламның тілдік бейнесін» қалай жасап, өзінше дамытып, шығармашылық тілінің коммуникативтік сапасын күшейткені айқындалады.

**Тозығы жеткен шекпендей,**  
Қайтеді мынау көңілім?!  
Шынымен жастық өткен бе, ей,  
Кеткен бе, ей, **көктем – өмірім?!**  
Айнала жауып ақша қар,  
Қалған ба, ей, **иесіз қыстаудай?**  
Қайтеді мынау, бәтшағар,  
**Қалтадан түскен мысқалдай?!**  
Өр отаудың жылу шашқан ошағын,  
Болар еді бір кішкентай күн десе.

Бұл өлең жолдарындағы қазақ халқының тұрмысында қолданылатын «*шекпен, қыстау, мысқал, ошақ*» сөздері өлең кестесінде өз орнын тауып, ақын сөзінің синергетикалық сипатын күшейте түседі.

Ақынның поэтикалық мәтіндерінде кездесетін заттық мәдениеттің лексикасына тән ұлтымыздың әсемдік бұйымдары, киім-кешек атаулары, жиһаз атаулары, ыдыс-аяқ түрлері сияқты лингвомәдени бірліктер, қазақтың ас мәзірінен хабар беретін лексикалық бірліктер, ұлттық баспананы білдіретін атаулар, т.б. кездеседі.

Көрнекті ұлттық тілдік тұлға М. Мақатаев поэзиясының образ жасау шеберлігі, елдің тұрмыс-тіршілігіне терең үңілуі, халықтың бай тілін орынды қолдана білуі, оны екшеп, іріктеп, поэзиясында қолдануы қазақ сөз синергиясын айқындай түседі.

*Түзу-түзу тілінген таспадайын, қамшы өремін таспадан басқадайын, қазан-миым бәрін де қайнатады, күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып, өзіне қайтарамын,* т.б. Бұл өлеңсөздердегі «*қамшы, таспа, қазан*» тұрмыстық бұйымдар мен «*күпі, шекпен*» сияқты киім атаулары арқылы ақынның жыр-шумақтарына ерекше рең беріп, оның сөз синергиясын күшейтіп тұр. Бұл поэзиядан Мұқағалидың өзіндік сөз айшығын, көркемдік әлеуетін, өзіндік суреттеуін, автордың танымына сай шебер құрылғандығын көре аламыз. Өлеңсөздеріндегі тұрмыстық сөздердің ұтымды қолданыс табуы ақын өлеңдерін көркемдеп, оны күшейте түседі. Оның өлеңсөздерінен күндегі тұрмыстағы киім-кешек атаулары, ұлттық нақыштағы мәдени лексикаларды жиі қолдануы халқымыздың ұлттық болмысын танытып, өлеңсөздің синергетикалық күш-қуатын арттыра түседі. Сондай-ақ осы ұлттық танымды айшықтайтын сөздердің ақын өлеңдерінде көрініс табуы төл мәдениетімізді тіл арқылы сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыратын бірден-бір дәнекер.

Синергетикалық сипатты айқын танытатын көркемдеуіш құралдардың бірі – метафора. Метафораға «Тіл білімі сөздігінде» мынадай анықтама береді: «Метафора – троптың бір түрі, сәйкестік, ұқсастық және т.б. негізінде сөздер мен сөз орамдарының ауыспалы мағынада қолданылыс табуы», – деген түсініктеме келтірілген. Ал метафоралану былайша түсіндіріледі: «Метафоралану – ауыспалы мағынаның пайда болуы мен оның экспрессивті қасиеттерінің күшеюі нәтижесінде сөздің мағыналық аумағының кеңеюі» [3]. Демек,

метафора – поэтикалық мәтіндегі сөздердің әсерлілігін, бейнелілігін, яғни көркемдік қуатын, мәнерлілігін ашатын көркемдегіш құрал.

А. Әмірбекова М. Мақатаев өлеңдеріндегі сөз синергиясын күшейтетін бейнелі қолданыстарының жүйесін анықтаған: «М. Мақатаев ұлттық материалдық бұйымдарды бейнелі сөздер құрылымында жиі қолданады. Мысалы, ұршықты соғыстан баласын сарыла күткен кемпірдің деталі ретінде нәзік бейнелейді. *Ұршығындағы жібі жіңішкере үзілген әжемнің көңіліне жаман ой* келді. Сондай-ақ ұршықтың зырылдаған бейнесі күнделікті күйбең тіршілікпен, таусылмайтын бейнетпен теңелуін ақын былайша жырлайды: *Күн сайын Күн шыққаны: тіршіліктің зыр қағып ұршықтары Әженің таусылмаған түйнегіндей, Домаланып, иіріп, тыншытпауы* [4, 8-б.]. Көркемдік деңгеймен астасып жатқан ұлттың өмір-тіршілігінің болмысын барынша жеткізуде, тіліміздегі осы тәрізді ұлттық сипаты бар, қазіргі тілімізде мағыналары күңгірт тарта бастаған сөздер тобының көрініс тапқаны және жаңғыруы, оның танылуы қазақ тіл білімі үшін қашанда маңызын жоғалтпақ емес.

Бұлайша зерттеу үдерісі Ж. Ермекованың зерттеу жұмысында да жалғасын тауып, үндесетіні байқалады: «Тұлға тіліндегі ұлттық ерекшелікті танытатын жеке ғаламдық тілдік бейнесінде берілу көрінісін саралау арқылы оның тілдік тұлғасының ұлттық болмысын тануға болатыны белгілі. М. Жұмабаев дискурсындағы теңеулер ойға келмейтін әртүрлі заттар мен құбылыстарды бір-біріне тосын теңеуімен ерекшеленеді. Мысалы, «ұршыққа оралған жіптей бас-аяғы жоқ қыстың ұзын кеші еді». Бұл жердегі *ұршық* лексемасының тура мағынасы «жіп иіруге арналған құрал» дегенді білдіретін лингвомәдени бірлік. Бірақ бұл сөйлемнің құрамында ол өзіндік мағынасынан тыс көркем контекстке сай түсініліп, ұлттық адресаттың санасында бұрыннан таныс ұршыққа оралған жіптің суреті жаңғыртылуы арқылы қысқы кештің қаншалықты ұзақ болатындығы ұғынылады [5, 10-б.]. Демек, осы тектес дүниенің ұлттық сипатын бейнелеуші көркем дискурсты талдау ұлттың болмысын түсінуге айтарлықтай ықпал етуші халықтың тұрмыс-тіршілігін, мінез-құлқын оқушы санасында жаңғыртатын сөз күшін (синергиясын) осындай көркем мәтіндермен айқындап көрсетеді.

Осымен байланысты көркем сөздің терең мазмұнының астарындағы сан қырлы коммуникативтік әлеуетін ашуға академик Р. Сыздық атап көрсеткендей, «тілдің өзін емес, оның мүмкіншілігін көрсететін» көріктеу құралдар жүйесінің қалай көмектесетінін анықтау және оны бейнелейтін лингвосинергетикалық маркерлерді зерттеудің маңызы зор [6].

Осыған орай М. Мақатаевтың көркемдік әлемін сипаттайтын көркем сөздің кестесін құратын символдар, метафоралар, фразеологизмдер, т.б. көріктеу құралдары синергиялық жүйеде әрі қарай дамитын ашық жүйе ретінде танылып, суреткердің шығармашылық қолданысындағы тіл қызметіне сәйкес сөз әлеуетін сипаттайды.

М. Мақатаев сынды жоғары қабілетті тұлғаның эстетикалық тұрғыдан көркем сөз шығармашылық қызметіндегі сөз әлеуетінің синергиялық қуатын тану лингвопоэтикалық зерттеулерде айрықша антрополингвистикалық құзіретке ие болып, атап айтқанда, поэтикалық қолданыстағы сөздің жасампаздық, шығармашылық және уәжділік сипаты оның мазмұнындағы антропоэзектілік болмысты аша түседі. Демек, бұл тектес, талдаулардың өзегін «автор-бейнесі», тілдік тұлғаның интенционалды әлемі анықтайды. Сайып келгенде, осылайша поэзия тілін антропоэзектік бағытта талдаған жұмыстар көркем сөздің функционалды-динамикалық мазмұнының тілдік тұлға болмысына сай құрылымдалатынын көрсетеді.

Қазіргі лингвистикадағы когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, психолінгвистика, антрополингвистика сияқты ғылыми бағыттардың қарқынды дамуы тіл, сөйлеу деректерін ұлттық рухани құндылықтарымен, ой әлемі, оның дүние танымымен, психикалық ерекше тұстарымен тығыз байланыста зерттеуге жол ашады. Осыған сай адамның тілдік болмысын зерделеуге, түсінуге, жетелейтін лингвистикалық категорияның

бірі ретіндегі *тілдік тұлға құбылысы* бүгінгі білім парадигмасының күй-қалпын, мазмұнын айқындаушы маңызды ғылыми ұғымға айналып отыр.

Мысалы, көркемдік қуаты мен рухтандырушы сипаты ерекше ұлттық тілдік тұлға М. Жұмабаевтың тілдік тұлғасын анықтау барысында зерттеген Ж.Б. Ермакова: Ю.Н. Карауловтың тұжырымы бойынша оның жалпы ұлттық және жекелей алғанда ұлттық тілдік тұлға құрылымы бір-бірімен өзара байланысты үш деңгейін көрсетеді. Олар: біріншісі, белгілі бір мағыналарды бейнелеу құралдарын суреттеуді (тілдің лексика-грамматикалық, т.б. құрылымын суреттеу) жүзеге асырушы вербалды-семантикалық деңгей; екіншісі, тұлғаның құндылықтар дүниесін бейнелеуші (қанатты сөздер, фрейм, фразеологизмдер, метафоралар және т.б.) «ғаламдық бейнесіне» кіретін тіл бірліктері, ұғымдар, концептілер болып табылатын когнитивті деңгей; үшіншісі, тұлғаның мақсатын, қызығушылықтарын, бағалау және т.б. тәсілдерін қарастыратын прагматикалық деңгей [5, 8-б.].

Осымен байланысты Ю. Карауловтың: «...тілдік тұлға тілде (мәтіндерде) және тіл арқылы танылатын тұлға, өзінің негізгі сипаттары жағынан тілдік құралдар базасында қайта толықтырылған тұлға» [7, 42-б.] деген тұжырымы М. Жұмабаев, М. Мақатаев сынды тілдік тұлғалардың сөз қуатын түсінуге негіз болады.

Шын мәнінде, көркемдік мәнді дамытатын оның (автордың) тілінде қалыптасқан өзіндік сөзқолданыс жүйесі мен сөзжасам жүйесін әрбір қаламгер сол ұлттың тілі арқылы ғана дамытып, өзіндік ерекшелігін айшықтап, өзіндік сөзқолданыс ерекшелігін жасайтыны осы сияқты зерттеулерде анықталуда.

Соның негізінде «тілдік тұлғаның» басты ерекшелігі тұлғаның жай саналы адам кеңістігінен ауқымды көлемге шығуы, оның өзіндік тілдік ерекшелігінің қалыптасып дамуында. Кез келген жеке тұлға өзінің тілдік емес басқа да қасиетімен елге танылғанымен, ол тілдік тұлға бола алмауы мүмкін.

Тілдік тұлғаның құрылымы – кешенді құбылыс. В.А. Маслованың көрсетуінше, *тілдік тұлға* мазмұнына мына компоненттер кіреді: 1) дүниетанымдық, құндылық, тәрбие мазмұны компоненті, яғни өмірдің мәндері және құндылықтар жүйесі; 2) мәдениеттану компоненті, яғни тілге деген қызығушылығының тиімді құралы ретіндегі мәдениетті игеру деңгейі; 3) жеке тұлғалық компонент, яғни әр адамда кездесетін терең жекелік қасиеттер [8, 118-б.].

Осыған сәйкес М. Мақатаев сөзінің көркемдік қуатын, танымдық мәнін сомдайтын адами да болмысы. Әдебиеттанушы-ғалым оны былай сипаттайды: «Мұқағалидың ақындық лабораториясы шынында да күрделі. Өйткені, ол алдымен адам болып өмір сүрді. Онда да от пен судан жасқанбайтын, сәби көңіл, батыр қолды, ақын жанды жаратылысымен өмірлік ситуациялардың қайсысымен болса да бетпе-бет келіп жүрді. Ендеше ол үнемі муза қууға туған жан бола тұра өнерден гөрі өмірмен қоян-қолтықтасуға мәжбүр болды. Ақынның осы адалдығының өзі (өмірге) поэзиясына қолтаңба қалдырды. Ақын образын, стильдік бет алысын айқындады. Ақын өз поэзиясымен тірі тұлғасын сомдап кеткендей» [9].

Тілдік тұлғаның қуат көзі сөз болса, ойы – қоғамдық іс-әрекетінен көрініс табады. Ал оның психологиясы – ұлттың перзенті ретінде елін жақсы көру, құрметтеуімен өлшенеді. Осы аталған үш қасиет бірлесе келіп, адам бойындағы ізгі, игі қасиеттердің оянып, бас көтеруіне әкеліп, зиялы уәкіл ретінде тілдік тұлғаның болмысын қалыптастырады. Табиғи дарынды адамның қабілетінен немесе ұлттық сезімнен туған ішкі жағдайлары әсер етеді.

Осы тұрғыдан тілдің әлеуетін зерттеудің ғылыми-әдістемелік үдерісі жаңарып, кеңейіп қазіргі тіл білімінде зерттеудің жаңа аспектісі синергетикалық парадигма тұрғысынан зерттеуге бетбұрыс қалыптасуда, нақты айтқанда мәтінді синергетикалық үдеріс ретінде қарастыра отырып, мәтіннің синергетикалық сипатын анықтау бүгінгі күнде өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Ол парадигмаға сай сөзді зерттеудің мақсаты мен мазмұны, заманауи ғылымның қазіргі кезеңіндегі кешенді сипаты пәнаралық кеңістіктің дамуын қажет ететіні байқалып отыр. Ғылыми зерттеулер жүргізу де пәнаралық үрдістердің «жүйелілік, кешенділікті» зерттеуде

тиімділігі көрінеді. Сондықтан қазіргі заманауи тіл білімінде жаңа синергетикалық тәсіл *тіл ~ сөйлеу ~ дискурс* сияқты контекстегі сөз болмысын талдауда пайдалыныла бастады.

Соның ішінде *дискурс* – күрделі өзін-өзі ұйымдастырушы жүйе ретінде пәнаралық бағыт лингвосинергетиканың бірден-бір объектісі. Дискурстық кеңістіктің синергетикалық тәсілді қолдану теориялық өзін-өзі ұйымдастыру принциптерін ашуға және бақылауға мүмкіндік беретін динамикалық аспектісінде маңызды болып табылады. Арнайы талдауды қажет ететін әдіснамасына орай лингвосинергетика постклассикалық ғылымның феномені ретінде ғаламның тілдік бейнесін арнайы қарастыруда тиімділігі ерекше.

Нақты айтқанда, дискурсты зерттеуде лингво-синергетикалық тәсілді қолданудың дискурс кеңістігінің өзін-өзі ұйымдастыруы мен дискурсты мағына тудыратын энергиясын, оның ықпалын айқындауда өзіндік үлесін ғалым Ж. Манкеева өзінің зерттеу еңбегінде: «...дискурстың синергетикасын күрделі лингвомәдени жүйенің құндылықтық-танымдық сипатта мәтін мазмұнында тілдік тұлға болмысына сай іштей ұйымдастырылуының әмбебап тетігін ашуға бағытталуымен анықтауға болады. Бірақ адамның болмысындағы әрқайсысымен бөлек және бәрімен тығыз байланысты күрделі де тұтас синергетикалық жүйесі (биологиялық, психологиялық, әлеуметтік, мәдени, т.б.) тілдік тұлға дискурсының лингвомәдени кеңістікте бейнеленген қарым-қатынасының синергетикалық тұрғыдан күрделілігін көрсетеді. Бұл тұрғыда дискурсты сипаттайтын тіл мен мәдениет сабақтастығындағы тілдік тұлғаның сөз синергетикасын оның әлеуметтік-мәдени феномен ретінде ұйымдасқан қызметі деп түсінуге болады» [10] деп көрсетеді.

Ал, ғалым Г. Садирова: «Дискурс – өмірдегі, яғни шынайы уақыттағы нақты оқиғалардың тілге көшкен тізбегінің ағымы болса, мәтін – дискурс үзгісі, ол жанр заңдылықтарына сай рәсімделеді немесе тіпті арнайы рәсімделуі де мүмкін. Сонымен қатар дискурс шынайы уақытта туса, ал мәтіннің өз ішінде сақтап қалған уақыты болады. Таратып айтсақ, шынайы уақытта белгілі бір дискурс нәтижесі болған мәтін ішіндегі уақыт шынайы уақытқа сай түспейді. ...дискурс деп дайын мәтіннің сөйлеу әрекетін туғызушылар мақсатына сай күрделі әрі нақты коммуникативтік жағдайға айналуын, мәтін қызметтерінің дискурс құзыреттілігіне көтерілуін атаймыз» деп тұжырым жасайды [11].

Лингвистика ғылымы әрдайым өз нысанын зерттеп, тілдік жүйені ұйымдастыру үшін жаңа әдістер іздеу үстінде болатыны белгілі. Қазіргі таңда тілді осы синергетикалық бағытта өзін-өзі реттеуші сызықтық емес (нелинейный) динамикалық жүйе ретінде қарастырылуда. Бұл жаңа пәнаралық бағыт арқылы тілдің жаңа қырларын ашуға, синергетика принциптеріне сүйене отырып, тілдің өзін-өзі реттеуші тетіктерін зерттеуге жол ашады.

Қазіргі таңда синергетика жаңа пәнаралық әдіс-тәсілдердің қатарында қарастырылып отыр. Бұл әдістің қолданыс аясының кеңеюіне орай, метафораның теориялық синергиясы, поэтикалық мәтіндердің күш-қуаты, тілдің диахрониядағы дамуының жаңа қырларын ашу қолға алынуда. Синергетика – пәнаралық әдіс ретінде осы немесе басқа да өлшемдерді анықтауға, жаңа лингвистикалық зерттеулерді енгізуге мүмкіндік береді.

Синергетика парадигмасы негізінде ақынның тілдік қорын, көркемдік әлемін анықтау арқылы оның дүниетанымы, тұлғалық даралығын тану, оның көркем мәтіндерінің сөзінің синергетиясы, сөзінің құдіреті, күш-қуаты айқындалады. Синергетикалық тәсілдің ерекшелігі поэтика аясындағы ғылыми тілді белгілі бір жолмен жүйеге келтіріп береді.

Поэтикалық мәтіндерге зерттеу жүргізген Е.Ю. Муратованың пікірінше, синергетикалық тәсіл поэтикалық мәтіндегі терең құбылыстардың механизмдеріне жаңаша қарауға жол ашады. Лингвопоэтикада әркез зерттеушілердің бірқатар мәтінді қабылдау және түсіндіру үшін оның «күрделілігі, жеңілділігі, қиындығы» маңызды мәселелердің бірі болған. Синергетикалық талдау арқылы осындай мәселелерді шешуге мүмкіндік бере алады. Ғалымның анықтауынша: «Синергетикалық мәтін – бұл бірден байқалмайтын мағыналарды және мәтіншілік сызықтық емес (нелинейный) қатынастар мен үдерістердің жиынтығын



білдіретін көп кодталған мәтін». Сондай-ақ Е. Муратова мәтіннің синергетикалық коэффициентін анықтау үшін мынадай формула енгізген:  $СК = A/N$ , мұндағы  $A$  – маркер саны,  $N$  – шумақ саны.  $A/N$  қатынасы жоғары болса, соғұрлым мәтіннің синергетикалық күші жоғары болады. Осындай мыңдаған поэтикалық мәтіндерді зерттей отырып, мынадай тұжырымға келген:  $СК = 0,25$  (яғни 4 шумақтағы бір маркер:  $1/4 = 0,25$ ). Осылайша, синергетикалық мәтін – бұл мәтіннің  $0,25$  кем емес синергетикалық коэффициенті бар мәтін. Бұл коэффициент жоғары болған сайын мәтіннің синергетикалық сипаты күшті болады [12].

Мысалы Мұқағали ақынның «Мұздама, жылы жүрегім» деген өлеңін алар болсақ:

*Дәрменсіз, ойсыз шарқ ұрып,*

*Қалғанша қатып қайғыға.*

***Дариям бітіп, тартылып,***

***Кіргенше өлім қойнына.***

*Мұздама, жылы жүрегім,*

*Сөнгенше сәулең біржоло.*

***Өлімнің салып жүгенін***

***Болғанша табыт қу мола!*** [13, 10-б.]

Жоғарыда берілген өлең 8 жолдан тұрады, 5 маркер қолданылады. ***Дариям бітіп, тартылып, кіргенше өлім қойнына, жылы жүрегім, өлімнің салып жүгенін, болғанша табыт қу мола.*** Жол саны – 8. Мәтіннің синергетикалық коэффициенті –  $0,60$ .

*Жете алмайсың, сен неге асығасың?*

*Соққы көріп сен жиі басыласың.*

*Сезгендейсің... ол тұман маған бірақ,*

*Сен менен не құпия жасырасың?*

***Сотқар жүрек, соқтықпа әрнемеге!***

*Әбігерге түскенмен, ол келе ме?*

***Қайғының малынсаң да уына сен,***

*Қайырылып қамқоршы жан нәр бере ме?*

***Жүрегім неге... сонша көрсеқызар?***

*Сезе қалса, селт етіп көңіл бұзар.*

*Құмарлығы неге оның басылмайды?*

***Бір жапырақ ет жүрек неге ынтызар?*** [13, 71-б.]

Ақынның «Жүрегім неге...» өлеңінде 4 маркер бар: *сотқар жүрек, қайғының уы, жүрегім көрсеқызар, бір жапырақ ет жүрек.* Жол саны – 12. Мұндағы синергетикалық коэффициенттің мәні –  $0,33$ . Демек бұл жоғарыдағы өлеңге қарағанда синергетикалық төмен деуге болады.

Метафора кез келген халықтың ұлттық тілінің қоғамдық өмірімен, салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Ол тілді байытады, көркейтеді, өзіндік ерекшелігімен эстетикалық көркемдігін күшейтеді.

Ақынның көркем сөздерінде ұлтымыздың этно-психологиялық ерекшеліктері, ішкі жан дүниесінің өте нәзік тұстары шебер бейнеленген. Сонымен қоса, адамның өміріндегі элеуметтік болмысы және өткені мен болашағының маңызды мәселелерін, адам психологиясының әртүрлі иірімдерін, наным-сенімдері, салт-дәстүрі де кездеседі. Өлең шумақтарында ұлтымыздың шынайы тарихы көрініс тапқан өмірі, мәдениеті, этнографиясы, ұлтымыздың дүниеге деген философиялық көзқарасын, ата-бабаларымыздан бізге жеткен рухани-мәдени мұрағатын барынша жеткізе білген.

Поэтикалық мәтінде оқырмандарға әсер етуші белгілі бір стильдік мақсатта қолданылған сөздер немесе сөз формалары болады. Біз бұларға жоғарыда атап көрсеткен теңеу, метафора қай-қайсысы болмасын әсерлі көркемдеуші элементтердің бірі болып табылады. Осы көркемдеуіш, бейнелеуіш сөздерді Мұқағали Мақатаев өлеңсөздерінде өзіндік таным мен тілдік шеберлігімен жеке өзіндік авторлық троптар жасалып, өте ұтымды

қолданғанын көруге болады. Демек, ақынның қолданысындағы көркем сөздердің әлеуеті тұлға ұғымымен байланысты. *Тілдік тұлға* ұғымы өлең жазатын кез келген ақын поэзиясындағы көрініс тапқан көркемдік ерекшелігімен және көркемдік мәнімен тығыз байланысты екенін әркез байқауға болады.

Ақынның дүниетанымы ұлттық тіліміздің сөз маржандарын тере білген, өзіндік көзқарасы, танымдық білім аясы жыр шумақтарында көрініс тауып, өлеңсөзді оқып отырған кез келген оқырманды елітіп, оның өзіндік әлемін тануға жол ашады.

«Белгілі бір тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы сол халықтың басынан өткізген бүкіл өмір тіршілігін, жалпы өткен тарихын айнытпай дәл бейнелейтін таусылмас бай қазына, өшпес тарихи мұра екендігі даусыз. Қазақ халқының басынан кешкен көне тарихын, ақыл-ойын, тілек мүддесін, барлық кәсібі мен шаруашылығын, күллі мәдениетін, керек десеңіз, оның өзіне тән сезімі мен эмоциясын білгіміз келсе, осы тілдің бай лексикасын түбегейлі зерттеу арқылы көз жеткізуімізге болады» – дейді белгілі ғалым Ә. Болғанбаев [14]. Демек, тіліміздегі лингвомәдени бірліктердің ақынның жыр-шумақтарында көрініс табуы көркем сөздің синергетикалық сипатын ашып айқындау жалпы ұлттық тілдің табиғатын тануға өзіндік септігін тигізетіні даусыз.

### Қорытынды

Қорыта айтар болсақ, тілдің ұлттық таным мәселесі ұлт тілінің ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін зерттеу бағытына басымырақ көңіл бөлу керектігін қажет етуде. Яғни жеке ұлт тілдерінің өзіндік тілдік ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін айқындаудың, оның тарихын білудің маңызы зор.

М. Мақатаев өлеңдеріндегі тілдік қолданысындағы өзіндік ерекшеліктерін, ондағы кездескен дүниетанымдық лексикасы, сол қолданыстардың негізінде қалыптасқан поэтикалық дискурсы ақын өлеңдерінің өзіндік ерекшеліктерін талдаулар арқылы өлеңдерінің рухтандырушы, көркемдік маңыздылығын, оның синергетикалық сипатының күштілігі дәйектеледі. Ақынның даралығы, өзіндік тілдік қолданысы, оның көркемдік шеберлігі арқылы қазақ халқының ұлттық дүниетанымын, пайым-парасатын, рухани және материалдық мәдениеттеріндегі ұшқыр іздердің синергиясын айшықтайтын сөз әлемі танымы. Ақын сөзінің көркемдік құдіреті, әлеуеті арқылы ұлттың төл мәдениетін, рухани құндылықтарын көркем әлем түзіп, ұлттық үрдістегі білім мен тәрбие де орны айқындалады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – М.: Прогресс, 1985. – 452 с.
2. Әзімжанова Г. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті: филол. ғыл. д-ры ... дисс. – Алматы, 2007. – 325 б.
3. Тіл білімі сөздігі / ред. басқ. проф. Ә.Д. Сүлейменова. – Алматы: Ғылым, 1998. – 554 б.
4. Әмірбекова А. М. Мақатаевтың бейнелі сөздер сөздігі / жауапты ред. Н.М. Уәли. – Қарағанды: Экожан, 2013. – 150 б.
5. Ермекова Ж.Б. Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2010. – 10 б.
6. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 294 б.
7. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987. – 264 с.
8. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 202 с.
9. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы. – Алматы: Жазушы, 1998. – 151 б.
10. Манкеева Ж. Қазақ сөзінің синергиясы. – Алматы: Қазақ Ұлттық университеті, 2021. – 272 б.
11. Садирова К. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АқМУ РБО, 2008. – 428 б.
12. Муратова Е.Ю. Синергетический анализ поэтического текста // Вестник РУДН. Серия Теория языка. Семиотика. Семантика. – 2012. – №2. – С. 53–56.

13. М. Мақатаев шығармаларының толық жинағы: Көп томдық. Өлеңдері мен дастандары. I том / Құраст. Оразақын Асқар. 3-басылым. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2013. – 320 б.
14. Болғанбаев Ә. Көп мағыналы сөздер және оның жасалу жолдары. – Алматы: Мектеп, 1963. – 49 б.

#### REFERENCES

1. Gumboldt V. Iazyk i filosofiiia kultury [Language culture and philosophy]. – М.: Progress, 1985. – 452 s.
2. Azimjanova G. Qazaq korkem proza matininin pragmatikalyq aleueti [Pragmatic potential of the Kazakh artistic prose text]: filol. gyl. d-ry ... diss. – Алматы, 2007. – 325 b.
3. Til bilimi sozdigi [Linguistic dictionary] / red. basq. prof. E.D. Suleimenova. – Алматы: Gylym, 1998. – 554 b.
4. Amirbekova A. M. Maqataevtyn beineli sozder sozdigi [Figurative Dictionary M. Makatayev] / jauapty red. N.M. Uali. – Qaraqandy: Ekojan, 2013. – 150 b.
5. Ermekova J.B. Magjan Jumabaevtyn tildik tulgasy [Language personality of Magzhan Zhumabayev]: filol. gyl. kand. ... avtoref. – Алматы, 2010. – 10 b.
6. Syzdyq R. Soz qudireti [The Power of the word]. – Алматы: El-shejire, 2014.
7. Karaylov Yu.N. Ryskii iazyk i iazykovaia lichnost [Russian language and linguistic identity]. – М.: Nauka, 1987 – 264 s.
8. Maslova V.A. Lingvokulturologiia [Linguoculturology]. – М.: Akademiya, 2001. – 202 s.
9. Karibaeva B. Qazirgi qazaq lirikasynyn poetikasy [Poetics of modern Kazakh lyrics]. – Алматы: Jazushy, 1998. – 151 b.
10. Mankeeva J. Qazaq sozinin sinerdiyasy [Synergy of the Kazakh word]. – Алматы: Qazaq Ul'tyq universiteti, 2021. – 272 b.
11. Sadirova K. Qazaq tilindegi kop propozitsiialy diskurstyn qurylymdyq negizderi [Structural foundations of multi-position discourse in the Kazakh language]. – Aqtobe: Q. Jubanov at. Aq.MU RBO, 2008. – 428 b.
12. Muratova E.Yu. Sinergeticheskii analiz poeticheskogo teksta [Synergetic analysis of the poetic text] // Vestnik RUDN. Seriya Teoriia iazyka. Semiotika. Semantika. – 2012. – №2. – S. 53–56.
13. М. Мақатаев шығармаларының толық жинағы [Full works of M. Makatayev]: Көп томдық. Өлеңдері мен дастандары. I том / Құраст. Оразақын Асқар. 3-басылым. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2013. – 320 б.
14. Болғанбаев А. Көп мағыналы сөздер және оның жасалу жолдары [Polysyllabic words and methods of their formation]. – Алматы: Мектеп, 1963. – 49 б.